

Жароткел несізгі орта білім беретін мектебі


*2023 - 2024 оку жылдарың
«Оқуға құштар мектеп,
«Балалар кітапханасы» жобаларының
және мектеп кітапханасының
біржылдық жұмыс есебі.*

2023 - 2024 оку жылының «Оқуға құштар мектеп, «Балалар кітапханасы» жобаларының және мектеп кітапханасының I жартыжылдық жұмыс есебі.

Жареткел негізгі орта білім беретін мектебінің 2023 – 2024 оку жылына «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары және кітапхана жұмысына жоспар құрылып, бекітілді. Жоспарға сай әр шара өткізілді. Тамыз айында окулыктарды оқушыларға таратып, кыркүйек айында оқушылар толық окулықпен қамтылды. 22 – кыркүйек Тілдер күніне орай «Тіл мерейі, ел мерейі» атты көрме өтті. Көрмеде А.Байтұрсыновтың шығармаларына шолу жасалды.



Кыркүйек айында «Қош келдің жас оқырман» атты кітапханаға саяхат жүргізілді. 1 сынып оқушыларын мектеп кітапханасымен таныстырып, кітаптарды пайдалану туралы түсінік берілді. Кітапханаға келген оқырмандарды тіркеп, жаңа формуляр толтырылды. Сонымен қатар кітапхана күнделігі толтырылып, жүргізіліп отырады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралған Бөкейдің 80 жыл толуына орай «Алтайдың асқақ жыршысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Қазан айында Т.Ахтановтың 100 жыл толуына орай «Шырағы сөнбеген кемел тұлға» атты көрме үйымдастырылды. Көрмеге Т.Ахтановтың туындылары қойылды. Оқушылар көрмемен танысып, шығармаларынан үзінді оқыды.

25 қазан Республика күніне орай Қарабұтақ ауылдық кітапханасымен бірлесе отырып «Менің отаным - Қазақстан» атты салтанатты жын өтті. Салтанатты жынға «Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» атты көрме қойылды.

Т.Ахтановтың туындылары қойылды.



Қазан айының жоспарына сай «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы-бір кітап» атты мобиЛЬДІ кітапхана үйымдастырылды. Қазак ертегілерін QR арқылы оқып, электронды түрде ютуб желісі арқылы балалар ертегіні көре алады.



«Окута күштар мектеп» жобасы аясында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқымыз» атты іс – шараларды ұйымдастыру барысында бастауыш сынның оқушыларына «Ертегілер еліне саяхат» шара өтті. Оқушыларға ертегі оқып, ертегінің кейіпкерлерінің суретін салды. Сонымен қатар ертегінің кейіпкерлерін сөйлете отырып, ертегі айтты.



15 қараша Ұлттық валюта күніне орай «Тенге – тәуелсіз Қазақстанның валютасы» атты сайыс өтті. ҚР-ның халықаралық валютасы Тенгенің алғашкы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл толуына орай 6-7 сынның оқушыларымен сайыс түрінде өткізілді. Сонымен қатар көрме де таныстырылды.

Қазак елін қалыптастырып, нарықтың қыын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындей, сыйлайтындей деңгейге жеткізген тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл

бүтін және әрқашанда айтып өтеміз. Оқушыларға тәуелсіз қалай қандай азат пен қыншылықпен келгенін түсіндіріп, бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар құрбан болған аға – апаларымызды еске алып және қаһарман азаматтар таныстырылды. «Тәуелсіздік жетістіктері» атты көрме үйымдастырылды. Көрмені оқушыларға таныстырып, көптеген мәліметтер берілді.



«Окуга құштар мектеп» жобасы бойынша сыныптар арасында «Мен оқыған бір ертегі» атты сахналық қойылым өтті. Сахналық қойылымға бастауыш сыныптар белсене қатысты. Сайыс 3 кезеңден тұрды.




1 кезең «мен оқыған бір ертегі» (саханалық қойыдым)

2 кезең «Ерте, ерте, ертеде» (ертегінің атын тап)

3 кезең «Ертегілер елінде» (пазыл құрау)

Сайыс барысында 3 жүлделі орын және 1 номинаци болды. 1 орынға ие болған 2 сынып оқушылары болса, «Көрермендер көзайымы»

номинациясына 4 сынып оқушылары ие болды. Сайыс сонында оқушыларды марапаттап, тәттілер таратылды.



9 - акпан Хантәңірінің Мұзбалагы атанған ақын Мұқағали Макатаевтың туған күніне орай «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» тақырыбында әдеби сазды көш өтті.

Мақсаты: ақын қызық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырган М.Макатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, еске алу. Кеш барысында ақынның өміршөң өлеңдері оқылып, көрініс қойылды. Мұқағалидың сөзіне жазылған әндер де шырқалып, қосымша мәліметтер айттылды. Сонымен қатар кітап көрмесі және ақынның өз даусымен оқылған өлеңдерін оқушыларға таныстырылды.



5-6 сыныптар арасында «Мақал - сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» тақырыбында сайыс өтті.

Мақсаты: жас үрпақтың бойына ата – бабамыздан қалған өшпес мұра, қымбат қазынасы мақал – мәтел және жұмбақты дәріптеу. Сайыс барысында қатысушылар «Алғырлар», «Білгірлер», «Тапқырлар» болып 3 топқа бөлінді. Сайыс барысында мақалдың жалғасын тапса, жұмбақ шешіп, сол мезетте жаңылтпаш айттып өз ойларын ортаға салды.



«Үздік оқырман - 2024» атты сайыс



Мақсаты: Улттық сана- сезімі жоғары, рухани ойлауы терен, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккор ұрпақты кітап оку арқылы тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.

Эстетикалық пәндер бірлестігі апталық аясында және кітапхананың жоспарына сәйкес «Үздік оқырман -2024» бастауыш сыныптар арасында сайыс өтті.

Сайыс 3 кезеңнен тұрады:

- 1. «Кітап – білім бұлагы»**
- 2. «Библио почта»**
- 3. «Тапқыр болсаң, тауып көр»**

Сайысқа қатысушылар: 2 – 4 сыныптар окушылары болды. Сайыс барысында жас оқырмандар сұрақтарға жауап беріп, өзі оқыған жасырын көркем әдебиеттерді тауып, белсенділік танытты. «Үздік оқырман» атағына ие болған – 4 сынып окушысы Берік Ә, 1 орын 4 сынып окушысы – Жетпісбаева А, 2 орын 3 сынып окушысы Серікқызы Ә, 3 орын 3 сынып окушысы – Жетпісбаев Б жүлделі орындарға ие болды. Қалған қатысушылар белсенді қатысқаны үшін марапатталды. Сайыс соңында жас оқырмандарды марапаттап, тәттілер таратылды.



«Кітап – ғажайып әлем» атты доңгелек үстел өтті. Мақсаты:

Халықаралық кітап күніне байланысты оқырмандардың ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту, кітап оқуға баулу, тапқырлыққа, ұтымды ой айтуға, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани тәлім-тәрбие беру. Оқырмандардың өздігінен жұмыс істей білуге баулу.

Кітап – нәзік те, тұнық әлем. Кітап – білімнің түпсіз аспаны, терең бастауы. Ұлттымыздың мерейі мен деңгейі қоғам мен мемлекетіміздің өркенін өсіруде қыруар пайда келтіретін осынау рухани қазына - кітап. Балалар кітабы халықаралық кеңесінің шешімімен 1967 жылдан бастап балалардың сүйікті ертегішісі Ганс Христиан Андерсеннің туған күні, яғни 2 сәуір халықаралық балалар кітабы күні деп бекітілген. Мұның басты мақсаты – әлем балаларын әдебиетке жақын болуға шақыру, кітап оқуға үндеу, адам өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру, «кітап – білім бұлағы, ал білім – өмір шырағы» екенін жеткізу.

Осы мерекеге орай 1-4 сыныптар арасында «Кітап ғажайып әлем» атты дәңгелек үстел өтті. Оқушыларға кітаптың шығу тарихымен таныстыра отырып, әр түрлі тапсырмалар берілді. Сонымен қатар балаларға арналған көркем әдебиеттермен таныстырылып, көрме үйымдастырылды. Оқушылар кітап, білім, оку туралы мақал – мәтелдер айттып, өз ойларын жеткізе білді.



12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай дәлізге қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубекіров және Т.Мұсабаев, А.Мұратбеков туралы мәліметтер ілініп, оқушыларға таныстырылды. «Аспан денелері», «Көлеңкесін тап» атты тағы да басқа қызықты ойындар ойнатылды. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына пазыл құрау үйымдастырылды.

«Кітап – білімнің қайнар козі» тақырыбында 1-9 сыныптардың оқулыктарын
жоспар бойынша уақыттында жиналды.